

## 2010 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қаңтардағы № 10 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 наурызда № 9-17-92 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, 7-бабына, 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға арналған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтары қосымшаға келісе анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаева жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Қ. Ғабдулин

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

Ю. Кондриков

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің  
қаржы бөлімі" ММ бастығы

Т. Лысяк

Әкімдіктің

2010 жылғы 21 қаңтардағы

№ 10 қаулысымен бекітілген

**2010 жылға арналған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтары**

1. Табысы аз адамдар.

2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.

3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.

4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы

а т а - а н а л а р .

5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар а з а м а т т а р .

6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған).

7 . М ү г е д е к т е р .

8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар.

9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р .

1 0 . О р а л м а н д а р .

11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.

12. Жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.

13. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.

14. Алған мамандық бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдардың түлектері.

15. Он екі және одан көп ұзақ жұмыссыздықты.

16. Елу жастан асқан адамдар.

17. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органының жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар.